

ИТАЛИЯ

Жасған: Нұрболқызы Аружан

ЖОСПАР:

- 1. Соғыстың зардабы
- 2. Саяси партиялар мен қозғалыстар
- 3. Италияның фашистік ұйымдары
- 4. Фашистер үкімет басында
- 5. «Маттеоттидің күйреуі»
- 6. Фашистік лаңкестіктің ашық диктатураға өтуі
- 7. Италияның сыртқы саясаты

СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ

- Италия Бірінші дүниежүзілік соғыстан ауыр қиыншылықтармен шықты. Алғашқыда Үштік одаққа кіріп, 1915 жылы Антанта жағына шығып соғысқан Италия жеңіске жеткендер қатарында болды. Италияның премьер-министрі В.Э.Орландо Париж бітім конференциясының төрттік кеңесіне кірді. Италия өзіне берілуге тиісті аймақтың тек аз ғана бөлігін (Солтүстіктегі Трентино облысының және Оңтүстік Тироль, Андрият жағалауындағы Истрия шығанағын Триестпен бірге) иемдене алды. Италия “жеңгендердің ішіндегі жеңіліске ұшыраған” елдің жағдайында болды. Соғыс жылдары қатты шығынданған (алтынмен 65 млрд лир) Италияның шетелдерге қарызы тым көбейіп кетті.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОЗҒАЛЫСТАР

- Соғысқа дейінгі Италияның саяси өмірінің ерекшелігі-белгілі бағдармалы бұқаралық саяси партиялары мен дамыған нақты ұйымдық құрылымы болмады. Италия парламенттегі буржуазиялық саяси ағымдар әртүрлі топтардан(либералдар, республикашылдар,радикалдар және т.б.)Олар өздері сайланған аудандармен байланысы нашарлаған соң басшылық маңына топтасты.Осы топтардың ішінде Италияның Социалистік партиясы нағыз саяси партия болды.1919 жылы Ватиканның қолдауымен католиктік топтарды жақтаушы тұңғыш буржуазиялық Халықтық партия құрылды.
- Түрлі қозғалыстар мен ұйымдардың ішінде фашистік топ алғашында көзге түспеді. Кедейленген ұсақ және орта буржуазия есебінен,ұсақ буржуазия арасынан шыққан байырғы майдангерлер есебінен саны толыққан фашистік қозғалыс бірте-бірте ұлғая берді.

ИТАЛИЯНЫҢ ФАШИСТІК ҰЙЫМДАРЫ

- 1919 жылдың көктемінен құрыла бастады.
- XIX ғасырдың соңында Сицилияда помещиктерге қарсы шаруалар ұйымы қалыптасты. Олардың эмблемасы өсімдік сабақтарының бумасы болатын. Бұл эмблеманың мәні «Бір сабақты сындыру оңай, ал бір бума сабақты сындыра алмайсың» дегенді білдірді. 1919 жылы наурызда Милан қаласында бірінші жалпыұлттық фашистік жиын өтті. Онда Фашистік әскери отрядтар одағы құрылды. Фашистер одағы кезкелген қылмысқа даяр тұратын бұзақылар мен қылмыскерлерден, азғындаған элементтерден құралды. Фашистік топтарды, ал кейін фашистік партияны құрумен Бенито Муссолини айналысты.

ФАШИСТЕР ҮКІМЕТ БАСЫНДА

- 1922 жылы қазанда фашистер съезі үкіметтен бірқатар министірлік портфельдер берілуін талап етті. Ватиканның бейтарап қалуына сүйене отырып, ірі капитал жағынан қолдау тапқан, сондай-ақ I Виктор-Эммануил корольдің отбасы жылы қарсы алған Муссолини 1922 жылғы 28 қазанда фашисттік топтарды Римге қарсы жорыққа бастады. Үкімет өз еркімен кетуге мәжбүр болды. Король фашистерге қарсы әскер жіберуге бас тартып, Муссолиниге жаңа үкімет құруды жүктеді және фашистерге жаңа кабинеттен 4 портфель беруге келісім берді.

«МАТТЕОТТИДІҢ КҮЙРЕУІ»

- 1923 жылы Халық партиясының жетекшісі Джакомо Маттеотти фашистерді сынап, сайлаудағы заңсыздық әрекеттерін әшкерелеген болатын. Оны Муссолиндің бұйрығымен лаңкестер өлтірді.
- Үкімет фашистер партиясының, оңшыл экстремистердің қолына қалды. Муссолин үкімет басына келіуі елде фашистік диктатура орнатудың бастамасы болды. Сөйтіп, буржуазиялық демократия орнына тоталитарлық диктатура келді.

ФАШИСТІК ЛАҢКЕСТІКТІҢ АШЫҚ ДИКТАТУРАҒА ӨТУ

- 1924-1926 жылдары конституциялық монархия лаңкестік диктатураға ұласты. 1926 жылдың қараша айында барлық азаматтық және саяси қозғалыстар жойылды, тұрғындар барлық құқығынан айырылды. Ұйымдарды және оппозициядағы партия газеттерін фашизмнің екінші толқыны шарпып өтті. 1926 жылдың қарашасында бірнеше төтенше заңдар қабылданды. Оппозициялық партиялар таратылып, антифашистік баспа сөзге тыйым салды. Антифашистер жер аударылды.
- 1927 жылы фашистік диктатураның маңызды жазалаушы органы – ерекше трибунал және құпия саяси полиция құрылды.
- 1929 жылы Италия мемлекеті мен католиктік шіркеу арасындағы ескі тартыстар реттелді. Келісім бойынша Италия Ватикан мемлекетінің егемендігін мойындады. Сөйтіп, фашистік режим шіркеуден идеологиялық қолдау тапты.

ИТАЛИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

- 1935 -1936 жылдардағы Италия-Эфиопия соғысы Муссолини жоспарын іске асырудың алғашқы қадамы болды.1936 жылы Эфиопия Италия отарына айналды.Эфиопияны жаулап алған соң біріге отырып, Испанияға қарулы интервенция жүргізді.1939 жылдың сәуір айында Албанияны жаулап алды.Кейін Италия Екінші дүниежүзілік соғыста Германия жағында болды.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!
